



БҰЙРЫҚТАН КӨШІРМЕ

Тамды ауылы

№ 01-07-93

05.09.2023 жыл

**«Орта білім беру ұйымдарында  
2023-2024 оқу жылының басталуы туралы»**

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Т.Қ.Дүйсенованың 2023 жылғы 25 тамызы күні Білім саласы қызметкерлерінің республикалық тамыз кеңесінің бірыңғай пленарлық сессиясының ашылуында 2023 – 2024 оқу жылының ұзақтығы 34 апта және аяқталуы 25 мамыр болуы туралы тапсырмасына, Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2023 жылғы 29 тамыздағы №01-2-15/5174-И хатына және Ақтөбе облысының білім басқармасының 2023 жылғы 1 қыркүйектегі №363 бұйрығы, «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 01.09.2023 жылы №01-03-106 бұйрығы негізінде «Ақтөбе облысының білім басқармасы Алға ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тамды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде 2023-2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау, барлық қажетті шараларды қабылдау мақсатында **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «2023-2024 оқу жылына Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беру ұйымдарындағы оқу-тәрбие процесінің ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хаты басшылыққа алынсын.
2. 2023–2024 оқу жылын ұйымдасқан түрде бастау үшін барлық жағдай жасалсын.
3. «Тамды орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінде оқушылар мен педагогтердің өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету шаралары бақылауға алынсын.
4. Білім алушылардың білімдеріндегі олқылықтардың орнын толықтыру, үлгерімі төмен білім алушылармен жеке жұмыс жүргізу ұйымдастырылсын.
5. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрлігімен айқындалған оқу мерзімдері туралы ата-аналар назарына жеткізілсін:
  - 1) Меншік нысанына және ведомстволық бағыныстылығына қарамастан 2023-2024 оқу жылының басталуы 2023 жылғы 1 қыркүйек, аяқталуы 25 мамыр болып белгіленді;
  - 2) оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда – 33 оқу аптасы, 2-11 сыныптарда – 34 оқу аптасы;
  - 3) оқу жылы ішіндегі тоқсандар аралығындағы оқушылардың каникул кезеңдері: күзгі каникул – 7 күн (2023 жылғы 30 қазаннан бастап 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы каникул – 10 күн (2023 жылғы 29 желтоқсаннан бастап 2024 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі каникул – 11 күн (2024 жылғы 21 наурыздан бастап 31 наурызды қоса алғанда) 1-сыныптарда қосымша каникул -7 күн (2024 жылғы 5 ақпаннан бастап 11 ақпанды қоса алғанда).
6. Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары талаптарының орындалуы қатаң бақылауға алынсын.
7. Оқу жоспарларын әзірлеуде «Қазақстан Республикасындағы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығы негізіне алынсын.
8. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзіме қалдырылсын.

Мектеп директоры:  Д.У.Садуақасова

